КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 08 желтоқсан №3514-23-00-2/6308 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.М.Машрап құрамында,
оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Данагуль Сапарбаевна Койшибаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесінің Жеке кәсіпкер Данагуль Сапарбаевна Койшибаеваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Данагуль Сапарбаевна Койшибаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер Данагуль Сапарбаевна Койшибаевадан мемлекет пайдасына 91 800 (тоқсан бір мың сегіз жүз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Данагуль Сапарбаевна Койшибаевадан мемлекет пайдасына 4 479 (төрт мың төрт жүз жетпіс тоғыз) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **А.Машрап**

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 10.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.01.2024, судья Машрап А. М., 22.01.2024

3514-23-3-1/6687